

Хаттама №2

2021 жылдың 28-ші маусымда Бөдене орта мектебі бойынша кезектен тыс әлеуметтік көмек беру комиссиясының отырысы болып өтті.

Қатысқаны- 11 адам. 1- мектеп директоры

Қатыспағаны-жоқ

Күн тәртібінде:

1. Бөдене орта мектебі бойынша жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан бөлінген қаржыны игеру туралы

Хабарламашы: Н.Тугаев- мектеп директоры

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі қаралған мәселе бойынша мектеп директоры Н.Тугаев ең бірінші кезекте балалардың әлеуметтік жағдайы қаралу керектігін баса назарда ұстауды айтты. «Жалпыға бірдей оқу қорынан» бөлінген қаржыны игеру үшін сынып жетекшілер бірлестігімен бірлесе отырып, аса мұқтаж отбасыларды нақтылады. Жалпыға бірдей оқу қорынан бөлінген қаражатты 19 542, 40т (он тоғыз мың бес жүз қырық екі теңге, қырық тиын) игеру үшін ата- аналардың жеке есепшоттарына аудару керектігін атап көрсетті.

Сұрақ болған жоқ.

Сөйлеу: Әлеуметтік педагог - Ақжанай Салихова:

Күн тәртібіндегі мәселені тыңдай келе, қазір ұсынылып отырған отбасыларды мен психолог ретінде зерттеп, зерделеп көрдім. Бұл отбасылар туралы айтар болсам, көп балалы, күміс алқалы ана Турганова Жанар мектептен ешқандай көмек алып көрген жоқ, үнемі назардан тыс қалады. Сонымен қатар, бұл отбасында мектеп жасындағы ерекше оқуды қажет ететін оқушы бар. Бұл оқушы қажетті мамандардан білім алып, апта сайын ауданға қатынап отыр. Сонымен бірге, Бисембай Әли анасынан айырылған жартылай жетім оқушы. Қазіргі таңда атасы мен әжесінің қарауында тәрбиеленіп жатыр. Әкесі тұрақты жұмыс жасамайды. Отбасына кіретін табыс көзі жоқ. Атасы мен әжесі үлкен кісілер жұмыс жасауға жарамайды. Бір жағынан денсаулықтары да сыр берген адамдар. Сол себепті осы отбасыларды сіздерге ұсынып отырмын. Өз ойларыңызды айтып, пікір білдірсеңіздер.

1. М. Есенгалиева- сынып жетекші, комиссия мүшесі

Күн тәртібіндегі мәселеге орай, менде сынып жетекшілер мен комиссия мүшелерінің шешімдеріне қосыламын. Алайда, менің сыныбымдағы Бисембай Әли анасынан айырылған жартылай жетім. Қазіргі таңда атасы мен әжесінің қамқорлығында өсіп жатыр. Әкесі жұмыс жасайды. Бірақ тұрақты жұмыс емес. Отбасың асырауға әкесінің тапқан табысы мардымсыз. Бұл отбасына ешқандай кіріс кіріп отырған жоқ. Атасы мен әжесі де жұмыссыз. Сол себепті осы отбасына аздаған көмек қолын созсақ, нұр үстіне нұр болар еді.

2. Л. Турганова- мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Жоғарыдағы мәселелер сынып жетекшілер бірлестігінде де талқыланған болатын. Бұл отбасылардың жанұялық жағдайларымен таныспыз. Әріптесім Ақжанайға толықтай қосыламын. Бұл отбасыларға көмек көрсетілуі орынды деп есептеймін.





Күн тәртібіндегі мәселе тыңдалып, талқыланып төмендегіше қаулы қабылданды.





Қаулы:

1. Мектеп әкімшілігінің колдауымен аса мұқтаж отбасыларға берілетін қаржылай көмек оқушылардың ата-аналарына таныстыру сынып жетекшілеріне міндеттелсін.
2. Жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан бөлінген қаражатты дер кезінде игеру мектеп есепшісі Г.Саркеноваға , әр қайсысының жеке есепшотын жинақтап тапсыру мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Тургановаға тапсырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:
Мүшелері:

 Мендікенова Г.Ж
 Мерғалиева Ш.А.

 Сатаева Р.А
 Абенова А.А.
 Жумабаева Р.Ж.
 Мамаев С.Т

 Құлшарипов С.А
 Қалихметов М.
 Беймағамбетова Ж.
 Салихова А

Хатшы: